

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 9 сәуірдегі N 306 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 13 маусымдағы N 491 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Мемлекетаралық "Мир" телерадиокомпаниясы арасындағы бұдан арғы ынтымақтастық туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 9 сәуірдегі N 306 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1998 ж., N 11, 84-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін: мәтіндегі "Мәдениет, ақпарат және спорт" деген сөздер»"Мәдениет және ақпарат" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтағы»"Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт бірінші вице-министрі Байжанов Ерлан Сапарұлы" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің төрағасы Нұрай Нұрғожаұлы Оразов" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы»"Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт вице-министрі Ардақ Дүкенбайұлы Досжан" деген сөздер»"Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат вице-министрі Ержан Жалбақұлы Бабақұмаров" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі